

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НӘТИЖЕСІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН ПАЙДАСЫНА МЕРДІГЕРДЕН ТҰРАҚСЫЗДЫҚ АЙЫППҰЛЫ ӨНДІРІЛДІ

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДА КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА ШАРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАР СИЯҚТЫ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР МЕН ЖЕТКІЗУШІЛЕР АРАСЫНДА ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАУЫ МҮМКІН.

Аудит барысында ең көп кездесетін құқық бұзушылық себептерінің бірі – жасақталған мәмілелер бойынша шарттық міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау.

Тараптар келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге тырысады, алайда бұл көбіне нәтиже бермейді.

Тұрақсыздық айыбы – бұл заңда немесе шартта белгіленген ақша сомасы, оны бұзушы міндеттеменің орындалуын және оны бұзғаны үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету ретінде төленетін төлем.

Мердігер талап алғаннан кейін тапсырыс берушінің талаптарымен келісе алады және көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айыбын өз еркімен төлей алады. Бұл дауды шешудің ең оңай және жылдам әдісі осы.

Бірақ егер мердігер шағыммен келіспесе немесе оны елемейтін болса, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгіруге мәжбүр болады.

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу – бұл мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың пәрменді тетігі. Бұл құралды сауатты пайдаланса туындаған даулы жағдайларды тиімді шешуге және қаржылық шығындар тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы мемлекеттік сатып алу шарты бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңының 13-бабында тексеру комиссиясына тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті атқарушы органның және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шарт талаптарының орындауына тиімділік және сәйкестік аудитін жүзеге асыру жөнінде құзыреттілігі берілген.

Осының негізінде Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан 2024 жылы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына денсаулық сақтау саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізілген болатын.

Жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен Ақтау қаласы, 26-ықшам аудан, 51-ғимарат мекен-жайындағы Маңғыстау облысының ДСБ «Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК жұпталы аурулар бөлімшесі ғимаратын күрделі жөндеу жүргізілуі бойынша мердігер жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлетуге шаралар қолданбағаны анықталады.

№04-09/1 санды 31.01.2024 жылғы қаулысымен бекітілген аудиторлық қорытындымен кәсіпорынға күрделі жөндеу жұмыстары бойынша мердігер «Rakada Group» ЖШС-дан 16 770 200 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіру бойынша шаралар қабылдау ұсынылған.

Кәсіпорын аталған тұрақсыздық айыппұлын өндіру бойынша Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арызбен жүгініп, 20.01.2025 жылғы сот шешімімен мердігер «Rakada Group» ЖШС-дан 16 770 200 теңге тұрақсыздық айыппұлын және 503 106 теңге баж салығын Кәсіпорын пайдасына өндіруге шешім шығарылды.

Алайда жауапкер сот шешімімен келіспей, Маңғыстау облыстық сотына апелляциялық шағым келтіріп, 25.06.2025 жылғы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі өзгеріссіз қалдырды.

Бұл дегеніміз мемлекеттік қаржылық бақылау органының ден қою шараларын дер кезінде қабылдау салдарынан жүзеге асып, бүгінгі күнде сот шешімі толықтай орындалып, аталған сома көлемі мемлекеттік кәсіпорын кірісіне жатқызылды және мемлекеттік кәсіпорын шығыстарын жабуға пайдаланылуда.

Б. КОРБАКОВ,
тексеру комиссиясының мүшесі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

МО ЭБ және ТКШ «Каспий жылу, су арнасы» МКК, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 10 сәуірде сағат 10:30-да Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 22-шағын аудан, 43-үйде 2026 – 2030 жылдарға арналған Маңғыстау облысының ЭЖТҮКШБ «Каспий жылу, су арнасы» МКК-ның КОС-2 (2-көзек) нысаны бойынша I санаттағы экологиялық рұқсат алу үшін өзірленген жобалық құжаттары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru, s.bazarbay@mangystau.gov.kz> сайтында танысуға болады.

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы 43.70435342846658, 51.1809850729654

Белгіленген қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: МО ЭБ және ТКШ "Каспий жылу, су арнасы" КМК, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 43, БСН: 921240000209, тел.: 8-7292-60-53-18, email: info@caspiyanasy.kz.

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері: «ТАЛЫС» ЖШС, БСН: 200840009053, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Уәлиханов көшесі, 21-үй, 54-пәтер, askarikhshanov@mail.ru, тел.: +7 701 170 1956.

Ескертулер немесе ұсыныстар ақпараттық жүйе арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Сілтеме ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz>.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89294334527?pwd=af5bTeloZvhuUwZCXaBuHIL9QWtRiC.1>

Конференция идентификаторы: 892 9433 4527

Кіру коды: 8XDL0c

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекен-жай askarikhshanov@mail.ru бойынша және телефон арқылы +7 701 170 1956 алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 16.03.2026 ж. бастап 20.03.2026 ж. дейін экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Жетібай кен орнындағы №1 жанармай құю станциясын және №2 блоктық жанармай құю станциясын, Ынтымақ ауылындағы №4 блоктық жанармай құю станциясын қайта құру» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар бес жұмыс күн мерзімі ішінде өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық-сметалық құжаттама өзірлеуші: «ИнТехСтрой проект» ЖШС, тел.: +7(7132)416046.

ҚОҚ бөлімін өзірлеуші: ЖК Т.Керімбай, тел.: +77014694050.

Қосымша ақпаратты қызметтің бастамашысынан алуға болады: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, БСН: 990140000483, мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-шағын аудан, 1, тел: +7(7292)211361, эл. пошта: info@mmg.kz.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: +7(7292)462131, эл.пошта: tabigat@mangystau.gov.kz.

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> порталында танысуға, сонымен қатар ескертулер және/немесе ұсыныстар қалдыруға болады.

Азамат МУНАЛОВ АКИМБАЙ АЛИМБАЕВИЧ-тің қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарлауына сұраймыз: Ақтау қаласы, 8-шағын-ауданы, 14-үй, 2-пәтер, тел.: 87019998733. НОТАРИУС Ө.Е.РАХМАН

МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҒАРТУШЫСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫСЫ Ы.АЛТЫРСАРИН АТАМЫЗ АЙТҚАНДАЙ, «МЕН ҮШІН ЖАҚСЫ МҰҒАЛІМ БӘРІНЕН ДЕ АРТЫҚ, ӨЙТКЕНІ МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ».

Әрбір ұстаз мектеп табалдырығын аттағаннан бастап оқушылардың жүрегінен орын алады, оларды білім нәрімен сусындатып қоймай, адамгершілікке үйретіп, балаларға тәлім-тәрбие береді. Дәл осындай ұстаздарымыздың бірі – Мейрамгүл Избергенова. Рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төккен, білім саласында ерен еңбегімен еленген үлгілі ұстаз. Қазіргі таңда Боранқұл елді мекеніндегі Опорный мектебінде еңбек етіп келеді.



Мейрамгүл Избергенова – бар білімін оқушының бойына дарытатын, мейірімен жарық сәуле шашатын, жылы жүрегімен баланың жан дүниесін баураған ұстаз. Жыл сайын

мектепаралық, ауданаралық сайыстарға озат оқушыларды дайындап, жүлделі орындарды иеленуде. Оның әрбір оқушыға деген ыстық ықыласы мейірімге толы. Сондықтан әрқашан сабақтарды сапалы әрі қызықты өткізіп, оқушылардың есінде мәңгі сақталып қалатындай ұйымдастырады. Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Осылайша Мейрамгүл Избергенова білім беру жолында аянбай еңбек етіп, Қазақстанның болашақ ұрпағын адамгершілікке, еңбекқорлыққа баулып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді. Сол себепті өмірін ұстаздыққа арнаған жанның алдында ата-аналар атынан басымызды иіп, айтар алғысымыз шексіз. Әрдайым еңбегіңіз еленіп, білім жолындағы биік белестерден көріне беруіңізді тілейміз!

Мөлдір БАЗАРХАН,
ата-ана.

«CASPIAN ECO SERVICE» ЖШС ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР

Жобаның атауы:	<ul style="list-style-type: none"> 2026–2031 жылдарға арналған эмиссияның нормативтік көрсеткіштері жобасы, 2026–2031 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ПУО), 2026–2031 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы (ПЭК), 2026–2031 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары, Қаракия ауданы бойынша «Caspian Eco Service» ЖШС қалдықтарды басқару кешенін жаңарту жұмыс жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Түзету.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:	2026 жылы 6 сәуір сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Жетібай ауылы, мәдениет үйі. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43.535035, 52.385340
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері:	«CASPIAN ECO SERVICE» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ 6, 4,2-ғимараты, БСН: 100140015696. Эколог – Гүлдана, Бақытжанова, + 7-705-7844360.
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері:	Жобаны өзірлеуші: ПКФ «NEW PROJECTS» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 13 ш/а, 39-үй, 34-пәтер. https://us04web.zoom.us/j/73471654652?pwd=G8ZhSwynR3ZG0a4mEegCVoGqHNvdzj.1 Конференция идентификаторы: 734 7165 4652. Кіру коды: Bb6JtA.
Онлайн қосылуға сілтеме:	https://ndbecology.gov.kz/
Жобалық құжаттама орналас-тырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы:	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері:	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz , тел: 8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»
газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр

«ХАЛЫҚ» және «КАСПИЙ» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Тұған өлкеніңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20.02.2026 жылғы ұйғарымымен «ARKANTOR» ЖШС-ға (БСН: 050840002425) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.